



«БЕКІТЕМІН»
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК директоры
Р. Емелбаев
2023 ж.

**«Музыканың қарапайым теориясы» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «01140200 - Музыкалық білім беру» мамандығы, 4S01140201 - Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі біліктілігіне арналған «Музыканың қарапайым теориясы» пәні бойынша педагог қызметкерлерді аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Ноталық грамматикасы	01	Ноталық жазбасының ережелері. Музыкалық кілттер. Альтерация таңбаларының жазылу ережесі, кілт алдындағы орналасуы. Дыбыстардың ноталық жүйедегі орналасуы, белгіленуі.
02	Музыкалық дыбыстың қасиеттері. Дыбыс қатарлары.	02	Музыкалық дыбыс физикалық құбылыс ретінде, оның қасиеттері. Дыбыс қатарлары. Дыбыстардың әріптік және буындық атаулары. Гамма. Тон, жарты тон. Октавалық жүйе. Дыбыстар энгармонизмі.
03	Лад, ладтың түрлері. Тоналдік.	03	Лад. Лад сатылары, олардың атауы. Ладтың тұрақты және тұрақсыз, басты және қосалқы сатылары.
		04	Тоналдік туралы түсінік. Мажор мен минордың тондық құрылымы. Мажор мен минордың түрлері. Параллелді, аттас тоналдіктер. Квинталық шеңбер.
		05	Халық музыкасының ладтары, Пентатоника.
04	Ырғақ.	06	Ұзақтықтар, олардың жазылу ережесі. Ұзақтықтарды бөлудің негізгі түрлері.
		07	Ұзақтықтарды бөлудің ерекше түрлері: триоль, квинтоль, септоль, дуоль, т.б. Үзбелі ырғақ.
05	Метр.	08	Метрлік үлестер: әлді, әлсіз. Такт. Толық емес такт. Өлшем және оның белгілемесі. Өлшемнің түрлері: қарапайым, күрделі, аралас. Ұзақтықтардың түрлі өлшемдегі топтасуы. Синкопа.
06	Темп.	09	Темп түрлері: баяу, орташа, жылдам. Темптік өзгерістер.
07	Музыкалық интервал.	10	Интервалдардың аталуы, олардың белгіленуі. Интервалдардың тондық, сатылық құрамы. Қарапайым интервалдар.

		11	Консонанстар (абсолютті, жетілген, жетілмеген) және диссонанстар. Интервалдар айналымдарының ережесі. Құрмалас интервалдар. Ұлғайтылған және кішірейтілген интервалдар.
08	Тоналдіктегі интервалдар.	12	Натуралды мажор мен минордың интервалдары.
		13	Гармониялық мажор мен минордың интервалдары.
09	Аккордтар.	14	Үшдыбыстық туралы түсінік. Үшдыбыстықтың түрлері. Септаккорд. Септаккордтың түрлері. Нонаккорд. Үшдыбыстықтың айналымдары. Септаккордтардың айналымдары.
10	Тоналдіктегі негізгі аккордтар.	15	Мажор мен минордың басты үшдыбыстықтары. Олардың айналымдары.
		16	Тоналдіктегі септаккордтар: Доминантсептаккорд, кіріспе септаккорды, II саты септаккорды, олардың айналымдары.
11	Музыкалық синтаксис.	17	Музыкалық тақырып. Мотив, фраза, сөйлем, период. Каденция, түрлері. Фактура.
12	Хроматизм	18	Лад альтерациясы. Хроматизм туралы түсінік. Хроматикалық гамма.
13	Модуляция. Ауытқу.	19	Модуляция туралы түсінік. Бір тоналдіктен басқа тоналдікке уақытша ауысу. I дәрежедегі тоналдіктердің туыстығы.
14	Мелизмдер. Транспозиция.	20	Мелизмдер түрлері: форшлаг, мордент, группетто, арпеджиато, трель. Транспозиция. Нота жазбасындағы қысқарту белгілері.
Мән-мәтіндік тапсырмалар (тест, таблица, графика, статистикалық мәліметтер, сурет және т.б.)			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Ноталық жазба: Ноталық жазу жүйесі. «Соль», «фа» кілттері. Дыбыстың белгілемесі. Диез, бемоль альтерация таңбалары.

Музыкалық дыбыс. Музыкалық дыбыс қатарлары: Музыкалық дыбыстың сапасы мен қасиеті. Дыбыс қатарлар. Дыбыс қатардағы сатылардың әріптік және буындық атаулары. Гамма. Тон, жарты тон. Октавалық жүйе. Кілт алдындағы және кездейсоқ альтерация таңбалары. Дыбыстар энгармонизмі.

Лад. Тоналдік. Халық музыкасының ладтары: Лад. Лад сатылары, олардың атауы. Ладтың тұрақты және тұрақсыз, басты және жанама сатылары. Тоналдік туралы түсінік. Мажор мен минордың тондық құрылымы. Мажор мен минордың түрлері. Параллелді, аттас тоналдіктер. Квинталық шеңбер. Халық музыкасының ладтары. Пентатоника.

Ырғақ: Ұзақтықтардың белгілемелері. Ұзақтықтарды бөлудің негізгі түрлері. Музыкадағы үнсіздік. Ұзақтықтарды бөлудің ерекше түрлері: триоль, квинтоль, септоль, дуоль, т.б. Үзбелі ырғақ. Синкопа.

Метр: Әлді және әлсіз метрлік үлестер. Такт. Толық емес такт. Өлшем және оның белгілемесі. Қарапайым, күделі, құрмалас өлшемдер. Әр түрлі өлшемдегі ұзақтықтарды топтастыру.

Темп: Баяу, орташа, жылдам темптер. Темптік өзгерістер.

Музыкалық интервалдар: Әуендік және гармониялық интервалдар, олардың белгіленуі. Интервалдардың санды және сапалы шамалары. Қарапайым интервалдар. Консонансты (абсолютті, жетілген, жетілмеген) және диссонансты интервалдар. Музыкалық интервалдардың айналымдары. Құрмалас интервалдар. Ұлғайтылған және кішірейтілген интервалдар.

Тоналдіктегі интервалдар: Натуралды мажор мен минордың интервалдары. Гармониялық мажор мен минордың интервалдары. Үштондықтар. Сипатты интервалдар.

Аккордтар: Үшдыбыстық туралы түсінік. Үшдыбыстықтың түрлері. Септаккорд. Септаккордтың түрлері. Нонаккорд. Үшдыбыстықтың айналымдары. Септаккордтардың айналымдары.

Тоналдіктегі негізгі аккордтар: Мажор мен минордың басты үшдыбыстықтары. Олардың айналымдары. Көп қолданылатын септаккордтар: Доминантсептаккорд, кіріспе септаккорды, II саты септаккорды, олардың айналымдары.

Музыкалық синтаксисі: Әуен. Әуенді дамытудың кейбір тәсілдері. Музыкалық тақырып. Мотив, фраза, сөйлем. Периодтың түрлері. Каденция, түрлері. Фактура.

Хроматизм: Лад альтерациясы. Хроматизм туралы түсінік. Хроматикалық гамма.

Модуляция. Ауытқу: Модуляция туралы түсінік. Бір тоналдіктен басқа тоналдікке уақытша ауысу. I дәрежедегі тоналдіктердің туыстығы.

Мелизмдер. Транспозиция: Мелизмдер түрлері. Транспозиция. Нота жазбасындағы қысқарту белгілері.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа -1,5-2 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Элементарная теория музыки. Способин И.В./Москва:Музыка,1984г

Элементарная теория музыки. Вахрамеев В./Москва: Музыка, 1983г.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті


(ҚОЛЫ)

(Т.А.Ә)

« »

2023ж.

meq -









